



"Кеден одағында кедендік әкелу баждарын (өзге баждарды, балама әрекеті бар салықтар мен алымдарды) есепке алу мен бөлудің тәртібін белгілеу және қолдану туралы келісімді ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 4 маусымдағы № 510 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Кеден одағында кедендік әкелу баждарын (өзге баждарды, балама әрекеті бар салықтар мен алымдарды) есепке алу мен бөлудің тәртібін белгілеу және қолдану туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

K. Мәсімов

Қазақстан Республикасының Заңы Кеден одағында кедендік әкелу баждарын (өзге баждарды, балама

**әрекеті бар салықтар мен алымдарды) есепке алу мен
бөлудің тәртібін белгілеу және қолдану туралы келісімді
ратификациялау туралы**

Санкт-Петербург қаласында 2010 жылы 21 мамырда қол қойылған Кеден одағында кедендік әкелу баждарын (өзге баждарды, балама әрекеті бар салықтар мен алымдарды) есепке алу мен бөлудің тәртібін белгілеу және қолдану туралы келісім ратификациялансын.

Қазақстан

Республикасының

Президенті

Бейресми аударма

Кеден одағында кедендік әкелу баждарын (өзге баждарды, балама

әрекеті бар салықтар мен алымдарды) есепке алу мен

бөлудің тәртібін белгілеу және қолдану туралы

КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы
және Федерациясы, Ресей

2007 жылғы 6 қазанды Бірыңғай кеден аумағын көру және кеден одағын
қалыптастыру туралы шартты негізге ала отырып,

халықаралық құқықтың жалпыға танылған қағидаттары мен нормаларын
басшылықта ала отырып,

Тараптардың бюджеттеріне кедендік әкелу баждарының (өзге баждардың, балама әрекеті бар салықтар мен алымдардың) уақтылы және толық түсүіне өзара мүдделілікке
сүйене

осы мақсатта бір-біріне жәрдемдесуге ниет білдіре отырып, төмөндегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісім кеден одағының кеден аумағына әкелінетін тауарларға қатысты төлеу жөніндегі міндет осы Келісімде белгіленген кедендік әкелу баждарын есепке алу және бөлу тәртібін қолдану басталған күннен бастап туындаған кедендік әкелу баждарының сомаларын есепке алу және Тараптар арасында бөлу тәртібін айқындауды.

Осы кедендік әкелу баждарының сомаларын есепке алу және Тараптар арасында бөлу тәртібі кеден одағының кеден заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен кедендік әкелу баждарының сомасына есептелген өсімпүлдардың (проценттердің) сомасына қатысты да қолданылады.

2-бап

Осы Келісімде пайдаланылатын ұғымдар мынаны білдіреді: «кедендейк әкелу бажы» - тауарларды кеден одағының кеден аумағына әкелуге байданысты. Тараптардың кеден органдары адатын міндепті төлем:

«үәкілетті орган» - Тарап бюджетінің атқарылуына кассалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын осы Тараптың мемлекеттік органдары;

«үәкілетті органның бірыңғай шоты» - тұсімдерді есепке алу және осы Тараптың бюджеттері арасында бөлу үшін үәкілетті органға ұлттық (орталық) банктеге не ұлттық (орталық) банктеге корреспонденттік шоты бар үәкілетті органда ашылған шот;

«шетел валютасындағы шот» - басқа Тараптардың кедендік әкелу баждарын бөлуден түсетін түсімдерді есепке алу үшін осы мемлекеттің уәкілетті органына ұлттық (орталық) банктегі екінші Тараптың валютасында ашылған шот;

«мерзімін өткізіп алғаны үшін процент» - Тараптың кедендей әкелу баждарын бөлуден түсетін соманы аудару жөніндегі міндеттемелерін орындауына, толық орындауына және (немесе) уақтылы орындауына әкеп соқтырған осы Келісімді бұзғаны үшін Тараптың баска Тараптарға аударуына жататын сома;

«есепті күн» - уәкілетті органның бірыңғай шотына кедендік әкелу баждарының сомаларын есепке алу жүзеге асырылатын Тараптың жұмыс күні;

«ағымдағы күн» - есепті күнгі кедендік әкелу баждарының сомасын бөлу жөніндегі операциялар жүзеге асырылатын Тараптың есепті күннен кейінгі жұмыс күні.

Егер көрсетілген терминдер кеден одағы шеңберінде жасалған келісімдерде пайдаланылмаса, Осы Келісімде пайдаланылатын өзге үғымдар мен терминдер кеден одағы шеңберінде жасалған келісімдерде не Тараптардың ұлттық заңнамасында пайдаланылатын мағынада қолданылады.

3-бап

1. Кедендік әкелу баждары кеден одағының кеден заңнамасына сәйкес, оның ішінде кеден одағының кеден заңнамасында белгіленген тәртіппен кедендік әкелу баждарын өндіріп алу кезінде олар төленуге тиіс Тараптың уәкілетті органының бірыңғай шотына ұлттық валютада есепке алуға жатады.

Кедендік әкелу баждарын төлеу есебіне салықтар мен алымдар, сондай-ақ Тараптардың заңнамасына сәйкес төлеуге жататын уәкілетті органның бірыңғай шотына түскен өзге де толемдер есепке алынуы мүмкін.

Кедендік әкелу баждары өзге толемдерді төлеу есебіне есепке алынбайды. Кедендік әкелу баждарын төлеушілер уәкілетті органның бірыңғай шотына жекелеген есеп (толем) құжаттарымен (нұсқаулықтарымен) төлейді.

2. Уәкілетті органның бірыңғай шотындағы ақша қаражатынан сот актілерін орындау тәртібімен немесе қандай да бір өзге тәсілмен өндіріп алуға болмайды.

3. Тараптардың әрқайсысының уәкілетті органдары мынадай түсімдерді оқшау ескереді :

уәкілетті органның бірыңғай шотындағы кедендік әкелу баждары түсімдерінің (қайта рулының) сомасы ;

басқа Тараптардың шетел валютасындағы шоттарына аударылған бөлінген кедендік әкелу баждарының сомасы ;

осы Тараптың кедендік әкелу баждары сомасын бөлуден Тараптың бюджетіне есепке алынған кірістер сомасы ;

басқа Тараптардан Тараптың бюджетіне түскен кедендік әкелу баждарының сомасы ;

осы Келісімде белгіленген мерзімін өткізіп алғаны үшін Тараптың бюджетіне түскен проценттердің сомасы ;

басқа Тараптардың шетел валютасындағы шоттарына аудару тоқтатылған, бөлінген кедендік әкелу баждарының сомасы .

Жоғарыда көрсетілген түсімдер Тараптардың әрқайсысының бюджеттің атқарылуы туралы есебінде оқшау түрде көрсетіледі.

4. Тараптың күнтізбелік жылышының соңғы жұмыс күнінде Тараптың уәкілетті органының бірыңғай шотына түскен кедендік әкелу баждарының сомасы есепті жыл бюджетінің атқарылуы туралы есепте көрсетіледі.

Тараптың күнтізбелік жылышының соңғы жұмыс күні үшін бөлінген кедендік әкелу

баждарының сомасы Тараптың ағымдағы жылының екінші жұмыс күнінен кешіктірілмей, осы Тараптың бюджетіне және басқа Тараптардың шетел валютасындағы шоттарына аударылады, сондай-ақ есепті жыл бюджетінің атқарылуы туралы есепте көрсетіледі.

Басқа Тараптардың күнтізбелік жылының соңғы жұмыс күні үшін Тараптың бюджетіне басқа Тараптардың уәкілетті органдарынан түскен кедендік әкелу баждарын бөлуден түсетін кірістер ағымдағы жыл бюджетінің атқарылуы туралы есепте көрсетіледі.

4-бап

1. Төлеушіге кедендік әкелу баждарының артық төленген (артық өндіріп алынған) сомасын қайтару ұлттық (орталық) банк есепті күні орындауга қабылдамаған кедендік әкелу баждарының қайтару сомасын ескере отырып, уәкілетті органның бірыңғай шотына түскен және есепті күні есепке алынған кедендік әкелу баждарының сомасы шегінде ағымдағы күні уәкілетті органның бірыңғай шотынан жүзеге асырылады.

Кедендік әкелу баждарының артық төленген (артық өндіріп алынған) сомасын Қазақстан Республикасы уәкілетті органның бірыңғай шотынан төлеушіге қайтару уәкілетті органның бірыңғай шотына қайтаруды жүзеге асырган күні түскен (есепке алынған) кедендік әкелу баждарының сомасы шегінде есепті күні жүзеге асырылады.

2. Ағымдағы күні қайтаруға жататын кедендік әкелу баждарын қайтару сомасын айқындау түскен кедендік әкелу баждарын Тараптардың бюджеттері арасында бөлгенге дейін жүзеге асырылады.

3. Осы баптың 1-тармағына сәйкес кедендік әкелу баждарын қайтаруды жүзеге асыру үшін қаражат жеткіліксіз болған кезде көрсетілген қайтаруды Тарап келесі жұмыс күндері жүзеге асырады. Төлеушіге кедендік әкелу баждарын уақтылы қайтармағаны үшін өсімпұлдар (проценттер) төлеушіге осы Тараптың бюджетінен төленеді және кедендік әкелу баждарының құрамына енгізілмейді.

5-бап

1. Тараптың уәкілетті органды кедендік әкелу баждарының сомасын Тараптар арасында бөлуді уәкілетті органның бірыңғай шотына кедендік әкелу баждарының сомасы есепке алынған соңғы есепті күннен кейін Тараптың келесі жұмыс күні жүзеге асырады.

Кедендік әкелу баждарының сомасын Қазақстан Республикасы уәкілетті органның Тараптар арасында бөлуі кедендік әкелу баждарының сомасын уәкілетті органның бірыңғай шотына есепке алған есепті күні жүзеге асырылады.

2. Тараптың уәкілетті органның бірыңғай шотынан осы Тараптың бюджетіне, сондай-ақ басқа Тараптардың шетел валютасындағы шоттарына аударуға жататын

кедендік әкелу баждарының сомасын есептеу Тараптар арасында бөлуге жататын кедендік әкелу баждарының жалпы сомасын проценттермен белгіленетін бөлу нормативтеріне көбейту жолымен жүзеге асырылады.

Бұл ретте Тараптардың бюджеттеріне бөлуге жататын кедендік әкелу баждарының жалпы сомасы ұлттық (орталық) банк есепті күні орындауға қабылдамаған кедендік әкелу баждарын қайтару сомаларын аударуға арналған есеп (төлем) құжаттарын (нұсқаулықтарын) ескере отырып, есепті күні түскен (уәкілетті орган орындаған есепке алумен) кедендік әкелу баждарының сомасынан ағымдағы күні төлеушілерге қайтаруға жататын кедендік әкелу баждарының сомасын шегеру жолымен айқындалады.

Егер ағымдағы күні орындауға жататын кедендік әкелу бажының сомасын төлеушіге қайтаруға есеп (төлем) құжатын (нұсқаулықты) ұлттық (орталық) банк орындауға қабылдамаған жағдайда, осы сома Тараптың келесі жұмыс күнінде Тараптар арасында бөлуге жатады. Бұл ретте осы тармаққа сәйкес басқа Тараптардың шетел валютасындағы шоттарына аударылмаған кедендік әкелу баждарының сомасы бір күнге кешіктірілген болып танылады.

3. Эрбір Тарап үшін кедендік әкелу баждарының сомасын бөлу нормативтері мұнадай мөлшерде белгіленеді:

Беларусь	Республикасы	-	4,70	%;
Казақстан	Республикасы	-	7,33	%;
Ресей	Федерациясы	-	87,97	%.

4. Тараптарға кедендік әкелу баждарының сомасын аударуды уәкілетті органның бірыңғай шотына есепке алу күнінен кейін Тараптың келесі жұмыс күнінде басқа Тараптардың шетел валютасындағы шоттарына Тараптардың уәкілетті органдары жүзеге асырады.

Тараптарға кедендік әкелу баждарының сомасын аударуға есеп (төлем) құжатын (нұсқаулығын) уәкілетті орган басқа Тараптардың шетел валютасындағы шоттарына одан әрі аудару үшін ұлттық (орталық) банкке күн сайын жергілікті уақыт бойынша сағат 14-ке дейін жіберуге тиіс. Көрсетілген есеп (төлем) құжатында кедендік әкелу баждарын бөлу жүзеге асырылатын күн және Тараптардың бюджеттері арасында бөлуге жататын ұлттық валютадағы сома көрсетіледі.

Егер осы тармақта көрсетілген есеп (төлем) құжаты (нұсқаулық) ағымдағы күні Тараптың ұлттық (орталық) банкіне жергілікті уақыт бойынша сағат 14-тен кешіктіріліп жіберілген жағдайда, тиісті төлем бір күнге кешіктірілді деп танылады.

5. Осы Келісімге сәйкес Тараптардың уәкілетті органдарынан шетел валютасындағы шоттарға түскен кедендік әкелу баждарын бөлуден түсетін соманы Тарап бюджетінің кірісіне аудару тәртібі осы Келісімге 1-қосымшамен реттеледі.

6. Кедендік әкелу баждарын бөлу және Тараптардың бюджеттеріне аудару сомасын есепке алуды уәкілетті органдар жүзеге асырады.

6-бап

1. Тараптардың уәкілетті органдары арасында осы Келісімді іске асыру үшін қажетті ақпарат алмасу үшжақты тәртіппен келісілген нысандар бойынша осы Келісімге 2-қосымшада белгіленген тәртіппен және мерзімде жүзеге асырылады.

Ақпарат алмасу нысандарын Тараптардың уәкілетті органдары осы Келісімге қол қойылған күннен бастап екі ай ішінде және кез келген жағдайда осы Келісімде белгіленген кеден баждарын есепке алу және бөлу тәртібін қолдану басталатын күннен
кешіктіремей

келіседі.

2. Тараптың уәкілетті органы кезекті күнтізбелік жыл басталғанға дейін күнтізбелік он күннен кешіктіремей басқа Тараптардың уәкілетті органдарын осы Тараптың ұлттық заңнамасына сәйкес белгіленген жұмыс істемейтін күндер туралы хабардар етеді.

Жұмыс істемейтін күндер өзгерген жағдайда осындай өзгерістер болатын Тараптың уәкілетті органы басқа Тараптардың уәкілетті органдарын көрсетілген өзгерістер туралы мұндай өзгерістер күшіне енгенге дейін күнтізбелік екі күннен кешіктіремей
хабардар

етеді.

3. Кедендік әкелу баждарының сомасы аударуға жататын шетел валютасындағы шоттың деректемелері өзгерген жағдайда осы Тараптың уәкілетті органы көрсетілген өзгерістер күшіне енген күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктіремей басқа Тараптардың уәкілетті органдарына шоттың нақтыланған деректемелерін жеткізеді.

Келісімді іске асыру үшін қажетті өзге деректер өзгерген жағдайда уәкілетті орган көрсетілген өзгерістер күшіне енген күнге дейін күнтізбелік үш күннен кешіктіремей басқа Тараптардың уәкілетті органдарына көрсетілген өзгерістер туралы ақпаратты жеткізеді.

4. Тараптар арасында бөлуге жататын кедендік әкелу баждарының сомасы болмаған кезде Тараптың уәкілетті органы осы Келісімде белгіленген мерзімде ақша қарожатын басқа Тараптардың шетел валютасындағы шоттарына аударуға есеп (төлем) құжатын (нұсқаулығын) ұлттық (орталық) банкке жіберу үшін тиісті ақпаратты электрондық байланыс арналары арқылы басқа Тараптардың уәкілетті органдарына осы ақпаратты қамтитын құжаттың графикалық электрондық көшірмесі түрінде жібереді.

5. Беларусь Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті және Ресей Федерациясының Федералдық кеден қызметі есептеу әдісі бойынша кедендік әкелу баждарын есепке алуды жүргізуің бірыңғай қағидаттарына негізделген келісілген қағидаларды қолдануды қамтамасыз етеді.

7-бап

1. Қандай да бір Тарап осы Келісімде белгіленген мерзімде ақша қаражатын шетел валютасындағы шотқа аудармаған немесе толық аудармаған және осы Тараптың уәкілетті органынан бөлуге жататын кедендік әкелу баждары сомасының жоқ екендігі туралы ақпарат түспеген кезде шетел валютасындағы шотына ақша қаражаты түспеген Тараптың уәкілетті органы ақша қаражатын аудармағаны немесе толық аудармағаны туралы Тараптардың уәкілетті органдарын және Кеден одағы комиссиясының Х а т ш ы л ы ғ ы н х а б а р д а р е т е д і .

2. Бөлінген кедендік әкелу баждарының сомасын осы Келісімге сәйкес бір немесе басқа да екі Тараптың бюджетіне аудармаған Тарап шетел валютасындағы шоттарына тиісті ақша қаражаты түспеген осы басқа Тараптарға кедендік әкелу бажын бөлуден түсетін сома басқа Тарапқа (басқа да екі Тарапқа) аударылмаған күнді қоса алғанда, мерзімі өткен күнтізбелік әрбір күн үшін 0,1 % мөлшеріндегі ставка бойынша пайда болған берешектің барлық сомасына мерзімін өткізіп алғаны үшін проценттер төлейді.

3. Тарап кедендік әкелу бажының сомасы іс жүзінде болған жағдайда белуге жататын көрсетілген соманың жоқ екендігі туралы ақпарат жіберген жағдайда, сондай-ақ уәкілетті органның бірыңғай шотынан басқа Тараптардың шетел валютасындағы шоттарына ақша қаражатын толық аудармаған кезде осы Келісімді осылайша бұзуға жол берген Тарап Тараптың келесі жұмыс күнінен кешіктірмей осы Келісімді бұзуға байланысты басқа Тараптардың шетел валютасындағы шоттарына аударылмаған сомаға сүйене отырып, осы Келісімге сәйкес басқа Тараптардың бюджеттеріне есепке алуға жататын кедендік әкелу баждарын бөлуден түсетін соманы басқа Т араптарға аударуға міндетті .

Бұл ретте осындай бұзуышылыққа жол берген Тарап мерзімін өткізіп алғаны үшін осы баптың 2-тармағында белгіленген мөлшерде осы тармақта сәйкес Тараптарға ақша қаражатын аудару жүзеге асырылған күнді қоспағанда, осы Келісімнің ережелері бұзылған күннен басталатын уақыт кезеңі деп танылатын мерзімі өткен күнтізбелік әрбір күн үшін проценттер төлейді .

4. Қандай да бір Тараптан ақша қаражаты түспеген (толық түспеген) және осы Тараптың уәкілетті органынан Тараптар арасында бөлуге жататын кедендік әкелу баждары сомасының жоқ екендігі туралы хабарлама болмаған кезде шетел валютасындағы шотына ақша қаражаты түспеген Тараптың уәкілетті органы осындай түсу (толық түсу) болмаған күннен кейін Тараптың үшінші жұмыс қунінде өзінің бірыңғай шотынан бірінші Тараптың шетел валютасындағы шотына кедендік әкелу баждарының сомаларын аударуды тоқтата тұруға құқылы .

5. Тарап кедендік әкелу баждарының сомасын аударуды тоқтата тұру туралы шешім қабылдаған жағдайда басқа Тараптың шетел валютасындағы шотына аударуға жататын ақша қаражаты аударуды тоқтата тұру туралы шешім күшін жойғанға дейін бірінші Тарап бюджетінің кірісіне есепке алуға жатады және осы Тараптың бюджетінде оқшау е с к е р і л е д і .

6. Кедендік әкелу баждарының сомасын басқа Тараптың шетел валютасындағы шотына аударуды тоқтата тұрған Тараптың уәкілетті органы осындай шешім қабылданғанға дейін Тараптардың уәкілетті органдарын және Кеден одағы комиссиясының Хатшылығын қабылданатын шешім туралы хабардар етеді.

7. Кеден одағы комиссиясының Хатшылығы ақша қаражатын аударуды тоқтата тұру туралы шешім қабылданған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей кедендік әкелу баждарының сомасын болу тетігінің толық көлемде жұмыс істеуін жеделдете қалпына келтіру мақсатында Тараптармен консультациялар жүргізеді.

8. Қандай да бір Тараптың кедендік әкелу баждарының сомасын аударуын қалпына келтіру туралы шешім қабылдау мүмкін болмаған кезде осы мәселе бойынша Кеден одағы комиссиясының отырысы өткізіледі.

Кеден одағы комиссиясының кедендік әкелу баждарының сомасын бөлу тетігінің жұмыс істеуін қалпына келтіру туралы шешім қабылдауы мүмкін болмаған жағдайда осы мәселе Еуразия экономикалық қоғамдастырының Мемлекетаралық кеңесінің (кеден одағының жоғары органдары) отырысына шығарылады.

9. Кеден одағының комиссиясы немесе Еуразия экономикалық қоғамдастырының Мемлекетаралық кеңесі (кеден одағының жоғары органдары) кедендік әкелу баждарының сомасын аударуды қалпына келтіру туралы шешім қабылдаған кезде осы баптың 5-тармағында көрсетілген сома қабылданған шешім туралы хабарлама алған күннен кейінгі Тараптың жұмыс күнінен кешіктірмей осы Келісімге сәйкес олар арналған Тараптардың шетел валютасындағы шоттарына аударуға жатады, бұл ретте көрсетілген сомаға мерзімін өткізіп алғаны үшін проценттер есептелмейді.

10. Қандай да бір Тарап шетел валютасындағы шоттарға аудармаған бөлінген кедендік әкелу баждарының сомасы, сондай-ақ АҚШ долларындағы соманы аудару жөніндегі міндеттемелердің Тараптардың ұлттық (орталық) банктері орындалмаған сомасы мемлекеттік борышқа жатқызылады.

8-бап

1. Осы Келісімнің орындалуын бақылауды Кеден одағының комиссиясы жүзеге а с ы р а д ы .

2. Кеден одағының комиссиясы Еуразия экономикалық қоғамдастырының үкіметтер басшылары деңгейіндегі Мемлекетаралық кеңесіне (кеден одағының жоғары органдары) осы Келісімнің орындалуы туралы жыл сайынғы есепті береді.

3. Кеден одағы комиссиясының шешімі бойынша Тараптардың кедендік әкелу баждарының тұсken сомасын есепке алу және бөлу тәртібін сақтауын бақылау (аудит) үшін Тараптардың уәкілетті, кеден және өзге мемлекеттік органдарының қызметкерлерінен, тартылған өзге мамандардан арнайы комитет құрылуы мүмкін.

4. Беларусь Республикасының Мемлекеттік бақылау комитеті, Қазақстан

Республикасы Респубикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті, Ресей Федерациясының Есеп палатасы жыл сайын бірлескен бақылау іс-шаралары шенберінде Тараптардың уәкілетті органдарының осы Келісімнің ережелерін сақтауын тексереді.

5. Беларусь Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті және Ресей Федерациясының Федералдық кеден қызметі кедендік әкелу баждарын төлеуге байланысты ақпарат алмасудың бірынғай тәртібін анықтайды.

9-бап

1. Осы Келісімге 1 және 2-қосымшалар оның ажырамас бөлігі болып табылады.

2. Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын хаттамалармен рәсімделетін осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізуі мүмкін.

10-бап

Тараптар арасындағы осы Келісімді талқылауға және (немесе) қолдануға байланысты даулар мұдделі Тараптардың консультациялары және келіссөздері жолымен шешіледі, ал келісімге қол жеткізе алмаған жағдайда мұдделі Тараптардың кез келгенінің бастамасы бойынша Еуразия экономикалық қоғамдастығының Сотына қарауға беріледі.

11-бап

Осы Келісім депозитарий дипломатиялық арналар бойынша осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап, бірақ 2009 жылғы 27 қарашадағы Кеден одағының кеден кодексі туралы шарт күшіне енген күннен ерте емес күшіне енеді.

12-бап

1. Осы Келісімге қол қойылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Тараптардың уәкілетті органдары Тараптардан түсетін кедендік әкелу баждары аударылуға жататын шетел валютасындағы шоттар туралы ақпарат және осы Келісімге сәйкес кедендік әкелу баждарының сомасын аударуды жүзеге асыру үшін қажетті басқа ақпарат алмасуды жүргізеді.

2. Ресей Федерациясы және Беларусь Республикасы осы Келісім күшіне енген күннен бастап алты ай ішінде кедендік әкелу баждарын төлеушілердің Ресей

Федерациясы уәкілетті органдының бірыңғай шотына және Беларусь Республикасы уәкілетті органдының бірыңғай шотына жекелеген есеп (төлем) құжаттарымен (нұсқаулықтарымен) төлеуін қамтамасыз етеді.

2010 жылғы 21 мамырда Санкт-Петербург қаласында бір түпнұсқа данада орыс тілінде жасалды.

Осы Келісімнің түпнұсқа данасы осы Келісімнің депозитарий бола отырып, әрбір Тарапқа оның расталған көшірмесін жіберетін Кеден одағының комиссиясында сақталады.

Беларусь

Қазақстан

Ресей

Республикасы үшін *Республикасы үшін* *Федерациясы үшін*

Кеден одағында кедендік әкелу баждарын
(өзге баждарды, балама әрекеті бар
салықтар мен алымдарды) есепке алу мен
бөлудің тәртібін белгілеу және қолдану
турали келісімге
1-қосымша

1. Бір (бірінші) Тараптың ұлттық (орталық) банкі басқа (екінші) Тараптың ұлттық (орталық) банкіне Кеден одағында кедендік әкелу баждарын (өзге баждарды, балама әрекеті бар салықтар мен алымдарды) есепке алу мен бөлудің тәртібін белгілеу және қолдану туралы келісімге (бұдан әрі - Келісім) сәйкес екінші Тараптың уәкілетті органдының шетел валютасындағы шотына аударылған бірінші Тараптың ұлттық валютастының сомасына тең бірінші Тараптың ұлттық валютастындағы сома үшін АҚШ долларындағы ақша қаражатын сатуға міндettі. Осы тармақта сәйкес сатылатын АҚШ долларындағы сома екінші Тараптың уәкілетті органдының шетел валютасындағы шотына бірінші Тараптың ұлттық валютастында ақша қаражатын аударған күннен кейінгі жұмыс күніне бірінші Тараптың ұлттық (орталық) банкі белгілеген бірінші Тараптың ұлттық валютастының АҚШ долларына шаққандағы ресми бағамы бойынша айқындалады.

1-қосымшаның (бұдан әрі - Келісімге қосымша) осы тармағымен белгіленген АҚШ долларындағы ақша қаражатын сату міндettін бірінші Тараптың ұлттық (орталық) банкі екінші Тараптың уәкілетті органдының шетел валютасындағы шотына бірінші Тараптың ұлттық валютастына баламалы соманы аударған күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктіремей

орындауды

тиіс.

Бұл ретте осы тармақта белгіленген АҚШ долларындағы ақша қаражатын сату міндettін бірінші Тарап пен үшінші Тарап арасындағы не екінші Тарап пен үшінші Тарап арасындағы қатынастардағы ұқсас құқықтарды іске асыруға және міндettемелерді орындауға қарамастан, әрбір Тараптың ұлттық (орталық) банкі орындауды

тиіс.

Екі Тараптың ұлттық (орталық) банктері шартта АҚШ долларындағы ақша

қаражатын аудару бойынша қарсы міндеттемелерді, оның ішінде Келісімге осы қосымшаның 1-тармағының екінші абзацында белгіленген мерзімде орындалмаған міндеттемелерді және Келісімге осы қосымшаның 3-тармағына сәйкес өсімпұл төлеу бойынша міндеттемелерді орындау АҚШ долларындағы міндеттемелерінің шамасы басқа ұлттық (орталық) банктің АҚШ долларындағы қарсы міндеттемесінің шамасынан асатын, ұлттық (орталық) банктің көрсетілген қарсы міндеттемелердің шамалары арасындағы айырмаға тең сомадағы ақша қаражатын басқа ұлттық (орталық) банкке аударуы жолымен жүзеге асырылады деп белгілей алады.

Осы тармақта көрсетілген АҚШ долларындағы ақшалай міндеттемелер бойынша талаптарды өтеу мынадай кезектілікпен жүзеге асырылады:

- бірінші кезекте Келісімге осы қосымшаның 3-тармағына сәйкес өсімпұл төлеу туралы талаптар қанағаттандырылады;

- екінші кезекте орындалу мерзімі басталған және мерзімі өткен болып табылмайтын міндеттемелер бойынша талаптар қанағаттандырылады;

- үшінші кезекте Келісімге осы қосымшаның, 1-тармағының екінші абзацында белгіленген мерзімде орындалмаған міндеттемелер бойынша талаптар қанағаттандырылады.

Келісімге қосымшаның осы тармағында көрсетілген бірінші Тараптың ұлттық (орталық) банкінің АҚШ долларындағы ақша қаражатын екінші Тараптың ұлттық (орталық) банкіне сату міндеттемесі бойынша бірінші Тарап екінші Тарап алдында бірінші Тараптың ұлттық (орталық) банкімен ортақ жауаптылықта болады.

2. Бірінші Тарап пен екінші Тарап арасында одан әрі өзара есеп айырысуды жүргізу мақсаттары үшін Келісімге осы қосымшаның 1 -тармағында көрсетілген бірінші Тараптың ұлттық (орталық) банкінің АҚШ долларындағы ақша қаражатын екінші Тараптың ұлттық (орталық) банкіне сату міндеттемесі орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда, бірінші Тараптың ұлттық (орталық) банкіне қойылатын талаптар екінші Тараптың үекілетті органының шетел валютасындағы шотына бірінші Тараптың ұлттық валютасындағы ақша қаражатын аударған күннен кейінгі келесі жұмыс күні бірінші Тараптың ұлттық (орталық) банкі белгілеген ресми бағам бойынша АҚШ долла

тіркеледі.

3. Келісімге осы қосымшаның 1-тармағында көрсетілген бірінші Тараптың ұлттық (орталық) банкінің АҚШ долларындағы ақша қаражатын екінші Тараптың ұлттық (орталық) банкіне сату міндеттемесінің орындалмағаны не тиісінше орындалмағаны үшін бірінші Тараптың ұлттық (орталық) банкі не бірінші Тарап мынадай формула бойынша есептелетін өсімпұл төлеуге міндетті:

$$LIBOR_{\text{usd, oil}} + 2 \%$$

Өсімпұл = Сома_{usd} x ----- x Күндер, мұнда

Сома_{usd} = бірінші Тараптың ұлттық (орталық) банкі аударуға жататын АҚШ долларындағы сома;

LIBOR_{usd, oln} = Британия Банкирлер Қауымдастыры (British Bankers Association, BVA) орындамау не тиісінше орындамау басталған күн үшін белгілеген жылдық проценттерде АҚШ доллары бойынша бір күндік LIBOR ставкасы;

Күндер = орындамау не тиісінше орындамау күнінен бастап (қоса алғанда) міндеттемені тиісінше орындау күніне дейін (міндеттемені тиісінше орындау күнін қоспағанда) есептелетін күнтізбелік күн саны.

4. Келісімге осы қосымшаның 1-тармағында көрсетілген міндеттемені бірінші Тарап орындаған немесе тиісінше орындаған жағдайда өзіне қатысты орындау міндеттемені тиісінше орындаған болған екінші Тараптың ұлттық (орталық) банкі, Келісімге осы қосымшаның 3-тармағына сәйкес өсімпұл төлеу туралы талапты қоса алғанда, орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған міндеттеме бойынша талапты екінші Тарапқа бірінші Тарап пен бірінші Тараптың ұлттық (орталық) банкінің келісімінсіз және оларға алдын ала хабарламастан өтеулі негізде беруге құқылы.

5. Тараптың ұлттық (орталық) банкі басқа Тараптың міндеттемелерді орындағаны не тиісінше орындағаны үшін, оның ішінде басқа Тараптың ұлттық (орталық) банкінің міндеттемелерді орындағаны не тиісінше орындағаны үшін Үкіметтің не Тараптың уәкілетті органының алдында жауапты болмайды.

6. Бірінші Тараптың ұлттық (орталық) банкінде оның Келісімнің осы қосымшасында көзделген есеп айырысулады жүзеге асыруына байланысты туындаитын шығындар мен зияндар, оның ішінде валюталар бағамының өзгеруі, басқа Тараптар мен басқа Тараптардың ұлттық (орталық) банктерінің міндеттемелерді орындағаны немесе тиісінше орындағаны жағдайларының салдарынан туындаитын шығындар мен зияндар басқа Тараптардың өтеуіне жатпайды. Бірінші Тараптың ұлттық (орталық) банкіне осы тармақта көрсетілген шығындар мен зияндарды өтеу шарттары мен тәртібін бірінші Тарап белгілейді.

7. Келісімге осы қосымшаның мақсаттары үшін екі Тарап арасындағы есеп айырысуладар (оның ішінде екі Тараптың ұлттық (орталық) банктері арасындағы есеп айырысуладар) жүзеге асырылуы тиіс жұмыс күні деп бір мезгілде осы екі Тарап үшін және Америка Құрама Штаттары үшін жұмыс күні болып табылатын күн түсініледі.

8. Басқа (екінші) Тараптың ұлттық (орталық) банкінде Келісімге сәйкес есеп айырысулады жүзеге асыру үшін ашылған бір (бірінші) Тараптың ұлттық (орталық) банкінің корреспонденттік шотына, сондай-ақ осы корреспонденттік шоттағы ақша қаражатына екінші және үшінші Тараптардың сот және өзге де билік органдары осы корреспонденттік шоттағы ақша қаражатын пайдалану мүмкіндігін жоққа шығаратын

тыйым салу, оқшаулау, өзге де қамтамасыз ету, тыйым салу немесе шектеу шараларын
қ о л д а н а а л м а й д ы .

9. Басқа (екінші) Тараптың ұлттық (орталық) банкінде Келісімге сәйкес есеп
айырысулады жүзеге асыру үшін ашылған бір (бірінші) Тараптың ұлттық (орталық)
банкінің корреспонденттік шотындағы ақша қаражатын есептен шығаруға, егер
корреспонденттік шот шартының талаптарында өзгеше белгіленбесе, бірінші Тараптың
ұлттық (орталық) банкінің келісімінсіз жол берілмейді.

10. Келісімге осы қосымшаның 1-тармағында көрсетілген АҚШ долларындағы ақша
қаражатын сату міндетін бірінші Тараптың ұлттық (орталық) банкі күнтізбелік 30 қун
ішінде толығымен немесе ішінара орынданаса, онда екінші Тараптың ұлттық (орталық)
банкі көрсетілген міндеттемені бірінші Тараптың ұлттық (орталық) банкінің толық
орындау сәтіне дейін Келісімге сәйкес есеп айырысулады жүзеге асыру үшін арналып
бірінші Тараптың ұлттық (орталық) банкінде ашылған екінші Тараптың ұлттық (орталық)
банкінің корреспонденттік шотындағы бірінші Тараптың ұлттық валютадағы
ақша қаражатын шектеусіз пайдалануға құқылы.

11. Бір (бірінші) Тараптың ұлттық (орталық) банкі осы Келісімді орындау үшін ол
басқа (екінші) Тараптың ұлттық (орталық) банкімен жасасқан шарттарда көзделген
және оған сәйкес өтеусіз негізде құқықтарын іске асырады және міндеттемелерін
орындаиды.

Кеден одағында кедендік әкелу баждарын
(өзге баждарды, балама әрекеті бар
салықтар мен алымдарды) есепке алу мен
бөлудің тәртібін белгілеу және қолдану
т у р а л ы к е л і с і м г е
2-қосымша

1. Тараптың уәкілді органы күн сайын басқа Тараптардың екі уәкілді органына
ағымдағы құнгі жергілікті уақыт бойынша сағат 16-дан кешіктірмей (Беларусь
Республикасы үшін - Минск қаласының уақыты, Қазақстан Республикасы үшін -
Астана қаласының уақыты, Ресей Федерациясы үшін - Мәскеу қаласының уақыты)
есепті күнге мынадай ақпаратты жібереді:

Тараптың уәкілді органының бірыңғай шотына есептелген кедендік әкелу
б а ж д а р ы н ы н с о м а с ы ;

кедендік әкелу баждарын төлеу шотына уәкілді органының есепті күн орындаған
е с е п т е у с о м а с ы ;

кедендік әкелу баждарының есепті күні қайтарылған сомасы және ағымдағы күні
қайтаруға жататын кедендік әкелу баждарының бөлек сомасы;

кедендік әкелу баждарын қайтарудың есепті күні ұлттық (орталық) банк орындауға
қ а б ы л д а м ағ а н с о м а с ы ;

кедендік әкелу баждарының Тараптардың арасында бөлуге жататын сомасы;

бөлінген кедендік әкелу баждарының басқа Тараптардың шетел валютасындағы шоттарына аударылған сомасы;

кедендік әкелу баждарын бөлуден осы Тараптың уәкілетті органының бірынғай шотынан осы Тараптың бюджетіне аударылған кіріс түсімдерінің сомасы;

кедендік әкелу баждарын бөлуден уәкілетті органның шотына шетел валютасында түскен кірістердің осы Тараптың бюджетіне түсетін түсімдерінің сомасы;

бөлінген кедендік әкелу баждарының басқа Тараптардың шетел валютасындағы шоттарына аудару тоқтатып қойылған сомасы;

Тарапқа Келісімнің орындалуы бұзылған кездегі мерзімін өткізіп алғаны үшін басқа Тараптардан түскен проценттердің сомасы.

2. Ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 5 жұмыс күніне Тараптың уәкілетті органы басқа Тараптардың екі уәкілетті органына, сондай-ақ Кеден одағы комиссиясының Хатшылығына осы Қосымшаның 1-тармағында белгіленген ақпаратты күнтізбелік жылдың басынан бастап өсу қорытындысымен жібереді.

3. Тараптардың уәкілетті органдары алынған ақпаратқа сәйкес деректерді жедел салыстыруды жүзеге асырады.

Алшақтықтар айқындалған жағдайда хаттама ресімделеді және Тараптар алшақтықтарды реттеу бойынша шаралар қабылдайды.

4. Тараптың уәкілетті органының Тараптардың басқа екі уәкілетті органына және Кеден одағы комиссиясының Хатшылығына жіберетін ақпаратына, осы Келісімге сәйкес осы уәкілетті органның басшысы немесе ол уәкілеттік берген тұлға қол қояды.

Осы Келісімде көзделген ақпаратты Тараптың уәкілетті органы Тараптардың басқа екі уәкілетті органына және Кеден одағының комиссиясына осы құжаттардың графикалық электрондық көшірмелері түрінде байланыстың электрондық арналары арқылы жібереді.

Осы мәтін 2010 жылғы 21 мамырда Санкт-Петербург қаласында қол қойылған Кеден одағында кедендік әкелу баждарын (өзге баждарды, балама әрекеті бар салықтар мен алымдарды) есепке алу мен бөлудің тәртібін белгілеу және қолдану туралы келісімнің толық және дәлме-дәл көшірмесі болып табылатынын растаймын:

Беларусь Республикасының Үкіметі үшін - Беларусь Республикасының Премьер-Министрі С.С. Сидорский,

Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі - К.К. Мәсімов,

Ресей Федерациясының Үкіметі үшін - Ресей Федерациясы Үкіметінің Төрағасы - В.В. Путин.

Тұнұсқа дана Кеден одағы комиссиясында сақталады
Барлығы және тігілген,
қолымен мөрмен

б е к і т і л г е н

16 парап

Кеден
одағы
комиссиясы
Хатшылығының

Құқық департаментінің бастығы

Н.Б. Слюсарь

Санкт-Петербург қаласында 2010 жылғы 21 мамырда қол қойылған Кеден одағында кедендей әкелу баждарын (өзге баждарды, балама әрекеті бар салықтар мен алымдарды) есепке алу мен бөлудің тәртібін белгілеу және қолдану туралы келісімнің қазақ тіліндегі аудармасы құжаттың орыс тіліндегі түпнұсқасына сәйкес келетінін күәландырамын.

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік тілді дамыту
және аударма
басқармасының бастығы
Н. Шабанов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК